

Биология пәнінен Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі

1 тур

Жалпы балл: 100

Уақыты: 2 сағат

1. Неліктен амин қышқылдары амфотерлік болып саналады?
- A) Полярлы немесе полярлы емес молекулалар болғандықтан
- B) Өйткені олар қышқыл немесе негіз сияқты әрекет етеді
- C) Олар бейтарап немесе иондалған болғандықтан
- D) Жарықты сіңіру немесе сіңірмеу қабілетіне байланысты
- E) Поляризацияланған жарық жазықтығын оңға немесе солға бұруына байланысты
2. Сулы ерітіндідегі төмендегі биологиялық маңызды байланыстардың қайсысы үзілу үшін ең көп энергияны қажет етеді?
- A) Ван-дер-Ваальстың әрекеттесуі
- B) Гидрофобты әрекеттесу
- C) Су тектік байланыс
- D) Коваленттік байланыс
- E) Иондық байланыс
3. Барлық функционалдық ақуыздарға қатысты төмендегілердің қайсысы дұрыс ?
- A) Бір полипептидтік тізбектен тұрады
- B) Тек амин қышқылдарынан тұрады
- C) Олар басқа молекулалармен байланысу арқылы биологиялық әсер етеді.
- D) Құрамында бұрандалы аймақтар мен белгісіз геометриялық аймақтар бар
- E) Төрттік құрылымға ие
4. Қант туралы төмендегілердің қайсысын айтуға болады?
- A) Олар басқа қанттармен ғана гликозидтік байланыс түзеді.
- B) Олар гидрофобты
- C) Олар негізінен дөңгелек.
- D) Өсімдіктерде кездеспейтін прокариоттарда құрылымдық рөл атқарады
- E) Ақуыздармен байланыса алмайды
5. Энтропия туралы төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес?
- A) Энтропия – пайдаланылмаған энергия
- B) Энтропияның артуы тәртіпсіздікпен қатар жүреді
- C) Мұздың энтропиясы суға қарағанда аз.
- D) Төмен энтропияны сақтау үшін энергия қажет.
- E) Табиғи процесс жалғасқан сайын энтропия азайып, бос энергия көбейеді.
6. Төмендегілердің қайсысы катализделген реакциядағы ферменттің рөлі?
- A) Өнімнің субстратқа қатысты тұрақтылығын қамтамасыз ету
- B) Реакцияның бос энергиясын азайту
- C) Субстраттың өнімге айналуын жеделдету
- D) Бүкіл субстраттың өнімге айналуын қамтамасыз ету
- E) Коферментпен байланысу
7. Белсенді бұлшықетке тыныштықтағы бұлшықетке қарағанда АТФ әлдеқайда көп қажет. Бұл АТФ толығымен лактат ферментациясымен қамтамасыз етіледі. Бірақ бұлшықетте лактатдегидрогеназа (LDH) болмаса, АТФ гликолиз арқылы өндірілмейді және бұлшықет белсенділігіне қол жеткізу мүмкін емес. Төмендегі қайсысы бұл мәселені тудырады?
- A) LDH тапшылығында пируват жиналып, АТФ синтездейтін каскадтарды тежейді.
- B) Пируваттың лактатқа айналуы NAD^+ ортасында жүреді, бұл реакция LDH тапшылығында болмайды.

С) Гликолитикалық жолдың жалғасуына қажетті NADH регенерацияланбайды

Д) Гликолитикалық жолдың жалғасуына қажетті NAD⁺ регенерацияланбайды.

Е) LDH тапшылығында лактат пируватқа дейін тотықсызданбайды.

8. Спирттік ашыту жүруі үшін сүтқоректілердің ұлпаларында төмендегі ферменттердің қайсысы болуы керек?

А) Пируватдегидрогеназа

В) Пируват декарбоксилаза

С) Пируват карбоксилаза

Д) Пируваткиназа

Е) Гексокиназа

9. Аэробты тыныс алу кезінде глюкоза қай жерде пируватқа дейін ыдырайды?

А) Митохондриялардың ішкі мембранасында

В) Цитоплазмада

С) Митохондриялардың сыртқы мембранасында

Д) Митохондриялық матрицада

Е) Митохондриялардың ішкі және сыртқы мембраналарының арасында

10. Кребс цикліне қатысты төмендегілердің қайсысы дұрыс?

А) Митохондриялық мембраналарда өтеді

В) Тотықтырғыш ретінде тек НАД⁺ болады

С) Нәтижесінде CO₂ түзіледі

Д) Циклдің әрбір айналымы үшін 3 АТФ синтезделеді

Е) Екі бағытты цикл

11. Төмендегілердің қайсысы он мың негіз жұбынан тұратын жабық сақина тәрізді ДНҚ-дағы орамдар саны?

А) 10 000 В) 950 С) 100 Д) 9,5 Е) 2

12. Нуклеосомалар туралы төмендегілердің қайсысын айтуға болады?

А) Эукариоттық хромосомаларда кездеседі, бірақ бактерия хромосомаларында кездеспейді

В) Олар аспарагин мен глютаминге бай бес белоктан тұрады

С) ДНҚ-да тең емес аралықтарда орналасады.

Д) Құрылымындағы аминқышқылдары өзгермеген

Е) Олар белок, ДНҚ және РНҚ-дан тұрады

13. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

А) Экзонуклеаза ДНҚ-ны бос ұшынан гидролиздейді

В) Эндонуклеаза сызықтық ДНҚ емес, сақина тәрізді ДНҚ-ны гидролиздейді

С) *E. coli* ДНҚ полимераза ферменттерінің 5'->3'-экзонуклеаза белсенділігі бар.

Д) ДНҚ-полимераза I репликацияға жауапты негізгі фермент

Е) РНҚ праймерінің синтезіне жауап беретін фермент ДНҚ-ға тәуелді РНҚ полимераза

14. Төмендегілердің қайсысы аминоксил-тРНҚ синтетаза туралы дұрыс?

А) Әрқашан белгілі бір тРНҚ-ны таниды

В) Күрделі эфир байланысының түзілуін катализдейді

С) Белгілі бір амин қышқылын тРНҚ-ға қосады

Д) тРНҚ-ның 5' соңына амин қышқылын бекітеді

Е) АТФ гидролизін АДФ және бейорганикалық фосфатқа катализдейді

15. тРНҚ молекуласы туралы қайсысы дұрыс емес?

А) Жиырма амин қышқылының әрқайсысына кем дегенде бір тРНҚ молекуласы бар

В) Амин қышқылы әрқашан тРНҚ молекуласының 3' соңында бекітіледі

С) Кез келген тРНҚ молекуласы тек бір ғана амин қышқылымен байланыса алады

D) тРНҚ молекуласында модификацияланған негіздер де болады

E) тРНҚ антикодоны әрқашан мРНҚ кодонына толық комплементарлы болады

16. Төмендегілердің қайсысы рестрикциялық ферменттердің биологиялық қызметі болып табылады?

A) Рекомбинантты ДНҚ зерттеулеріне көмектеседі

B) Кейбір бактериялардың ДНҚ мөлшерін анықтайды

C) Бактерияларға енетін бөгде ДНҚ-ны гидролиздейді.

D) Ультракүлгін сәулеленудің ДНҚ-ға зиянды әсерін шектейді

E) Бактерияларды антибиотиктерге төзімді етеді

17. Төменде 12 негізден тұратын қысқа мРНҚ берілген. Төмендегілердің қайсысы бірінші кодонды танытын тРНҚ антикодоны болуы керек? (5' AUG CCC UAC UAC 3')

A) 3' UAC 5' B) 3' TAC 5' C) 3' AUG 5'

D) 5' GUA 3' E) 5' ATC 3'

18. Төмендегі нұсқалардың қайсысы геннің операторлық аймағымен қалыпты түрде байланысты?

A) Репрессор

B) Супрессорлық тРНҚ

C) мРНҚ

D) Атенуатор

E) Жоғарыда айтылғандардың барлығы

19.

————>

5'...GCATTCGCCCGA...3'

3'...CGTAAGCGGCT...5'

Жоғарыда көрсетілген ДНҚ стрелкамен көрсетілген бағытта транскрипцияланса, төмендегі РНҚ-ның қайсысы түзіледі?

A) 5'..UCGGCGAAUGC.. 3'

B) 5'..GCAUUCGCCGA.. 3'

C) 5'..CGUAAGCGGCU.. 3'

D) 5'..AGCCGCUUACG.. 3'

E) 5'..GCATTCGCCCGA.. 3'

20. Төмендегілердің қайсысы ДНҚ сегменті (5' ACG TGC CCG GAT 3') үшін мРНҚ екінші кодонның негізгі тізбегі болып табылады?

A) 5' TAC 3' B) 5' ACG 3' C) 3' ATG 5'

D) 5'CGG 3' E) 5'UCC 3'

21. Төмендегі нұсқалардың қайсысында жабықтұқымдылардың сипаттамасы берілген?

A) Аталық жыныс клеткасы аналық жасушаға жете алмайтындықтан, ұрықтану үшін су ортасы қажет.

B) Нақты жеміс түзілмейді

C) Қосарлы ұрықтану

D) Барлығы шөп

E) Тек сүзгі пішінді жасушалары бар

22. Төмендегі сипаттамалардың қайсысы дара жарнақты өсімдіктерге тән?

A) Өткізгіш шоктар шашыраңқы.

B) Жапырақтары торлы жүйкеленуге ие

C) Негізгі тамырдың дамуы ерте тоқтайтындықтан, тамыр жүйесі негізгі болып табылады.

D) Гүл бөліктері әдетте төртке еселік болады.

E) Барлық өкілдері ағаштанған

23. Төмендегі өсімдіктердің қайсысы дара жарнақты өсімдіктерге жатады?

A) Қызанақ B) Баклажан

C) Қияр D) Пияз E) Бұршақ

24. Төмендегі I, II, III, IV және V белгілердің қайсысы ашықтұқымдыларға сәйкес келеді?

I. Қосарлы ұрықтану.

II. Барлық тірі өкілдері - ағаш өсімдіктер.

III. Қосалқы жасушалармен қатар сүзгі пішінді жасушалары да бар.

IV. Аталық және аналық бүршіктер бар.


V. Кейбіреулерінде сперматозоид түріндегі аталық гаметофит болады.

A) I және II B) II, IV және V

C) I, II және IV

D) III және IV E) III және V

25. Нұсқалардың қайсысында I, II, III, IV және V бөліктері дұрыс көрсетілген?



A) Тостағанша жапырақша, Күлте жапырақша, Аналық аузы, Аналық жатыны, Аналық мойны

B) Күлте жапырақша, Тостағанша жапырақша, Аналық жатыны, Аналық мойны, Аналық аузы

C) Күлте жапырақша, Тостағанша жапырақша, Аналық мойны, Аналық аузы, Аналық жатыны

D) Тостағанша жапырақша, Күлте жапырақша, Аналық мойны, Аналық жатыны, Аналық аузы

E) Күлте жапырақша, Тостағанша жапырақша, Аналық аузы, Аналық мойны, Аналық жатыны

26.



Төмендегі нұсқалардың қайсысында I, II және III суреттердегі аналық бездердің күйлері дұрыс көрсетілген?

A) I – төменгі аналық, II – жоғарғы аналық, III – ортаңғы аналық

B) I – жоғарғы аналық, II – төменгі аналық, III – ортаңғы аналық

C) I - жоғарғы аналық, II - ортаңғы аналық, III - төменгі аналық

D) I - төменгі аналық, II - жоғарғы аналық, III - жоғарғы аналық

E) I – ортаңғы аналық, II – төменгі аналық, III – жоғарғы аналық

27.

I. Өткізгіш шоғырлар шеңбер бойымен орналасқан.

II. Тостағанша жапырақша мен үлте жапырақша арасында ешқандай айырмашылықтар жоқ.

III. Негізгі тамыр жақсы дамыған және қосымша тамырлар бар.

IV. Қосжарнақты өсімдіктердің өкілдері шөп немесе ағаш болуы мүмкін.

Қайсысы қосжарнақтылардың сипаты емес?

A) I және II B) II және III C) тек II

D) I, II және IV E) III және IV

28. Төмендегі гормондардың қайсысы гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлінбейді?

A) пролактин B) тиреотропин

C) окситоцин D) соматотропин

E) адренкортикотропты гормон

29. Төмендегі жағдайлардың қайсысында вазопрессин гормонының секрециясы жоғарылайды?

A) Дене сұйықтарының осмотық қысымының жоғарылауымен

- В) Дене сұйықтарының осмостық қысымының төмендеуімен
- С) Ағзадағы сұйықтық көлемінің ұлғаюымен
- Д) Дене сұйықтықтарындағы Na^+ концентрациясының төмендеуімен
- Е) Егер денеде судың сақталуы жоғарыласа
30. Төменде көрсетілген жолдардың қайсысымен CO_2 қан арқылы жиі тасымалданады?
- А) Плазмада еру арқылы
- В) Бикарбонат түрінде
- С) Гемоглобинмен байланысты
- Д) Көмір қышқылы түрінде
- Е) Газ тәрізді
31. Төмендегілердің қайсысы адам ағзасының спецификалық емес қорғаныс құралы болып табылады?
- А) В-лимфоциттер
- В) Т-лимфоциттер
- С) Макрофагтар
- Д) Полиморфты нейтрофильді лейкоциттер
- Е) Антидене бөлетін плазмалық жасушалар
32. Төмендегілердің қайсысы жүрек бұлшықетінің жасушалық қабықшасының ерекше белгісі болып табылады?
- А) жылдам Na^+ -каналдарының болуы
- В) баяу Ca^{2+} каналдарының болуы
- С) баяу K^+ - каналдарының болуы
- Д) баяу Na^+ -каналдарының болуы
- Е) Белок аниондарын өткізбейтіндігі
33. Төмендегі жағдайлардың қайсысында оттегінің гемоглобиннен бөлінуі оңай?
- А) Қандағы оттегінің парциалды қысымы нормадан жоғарылағанда
- В) Қанның рН 7,4-тен 7,6-ға дейін жоғарылағанда
- С) Қандағы көмірқышқыл газының парциалды қысымы нормадан төмен болғанда
- Д) H^+ иондарының бүйрек арқылы көп бөлінуімен
- Е) Тыныс алу жиілігі қалыптыдан баяу болғанда
34. Қан қысымы нормадан жоғарылағанда төменде келтірілген нұсқалардың қайсысы оның төмендеуінің ең жылдам механизмі болып табылады?
- А) Барорецепторлық рефлекторлық механизм
- В) Ренин-ангиотензин-альдостерон механизмі
- С) Жүрекшелік натрийуретикалық гормонның механизмі
- Д) Орталық жүйке жүйесінің ишемиялық реакциясының механизмі
- Е) Бүйрек үсті безінің миы қабатының механизмі
35. Төмендегілердің қайсысы адамның ұйқы безі ферменттерінің секрециясын бастайды?
- А) Ұйқы безінің он екі елі ішектен бөлінетін секретин гормонымен стимуляциясы
- В) Ұйқы безінің он екі елі ішектен бөлінетін холецистокинин гормонымен стимуляциясы
- С) Асқазаннан бөлінетін гастринмен ұйқы безінің тітіркенуі
- Д) Асқазан бөлетін пепсиногеннің активтенуі
- Е) Он екі елі ішекте қышқылдық қосылыстардың болуы
36. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы ионның тепе-теңдік потенциалын анықтайды?
- А) Нейрон мембранасының екі беті арасында ионның таза қозғалысы болмаған кездегі мембраналық потенциал.
- В) Нейрон мембранасы арқылы ионның өтуі тек белсенді тасымалдау арқылы жүзеге асатын мембраналық потенциал

- С) Нейронның мембранасы арқылы ионның өтуі тек диффузия арқылы болатын мембраналық потенциал
- Д) Нейрондық мембрананың екі бетіндегі иондардың концентрациясы тең болған кездегі мембраналық потенциал
- Е) Нейрондық мембранада әрекет потенциалы пайда болған кездегі ион жасушадан тыс және жасушаішілік тепе-теңдікке келген мембраналық потенциал.
37. Төмендегілердің қайсысы көз алмасындағы меланиннің қызметі?
- А) Көз торының жасушаларын қоректендіреді
- В) Көздің хореоид жасушаларын қоректендіреді
- С) Көзге түс береді
- Д) Жарықты көз торына бағыттайды
- Е) Жарық көз алмасына шағылыспауы үшін
38. Қайсысы митохондриялар мен хлоропласттарда эндосимбиотикалық теорияға қарсы?
- А) Бактериялардың мөлшерімен бірдей
- В) Өзінің геномы бар және барлық белоктарды шығарады
- С) Құрамында сақина тәрізді ДНҚ молекуласы бар
- Д) Олардың мембраналарында прокариоттардың плазмалық мембранасында кездесетін ферменттер мен тасымалдау жүйелері болады.
- Е) Олардың рибосомалары эукариоттарға карағанда бактерияларға ұқсас.
39. Төмендегілердің қайсысы кәрі ағаштың қабығына кіре алмайды?
- А) саңырауқұлақ гифасы
- В) тоз камбийі
- С) жасымықша
- Д) екіншілік ксилема
- Е) екіншілік флоэма
40. Төмендегі өсімдіктердің қайсысы көмір қабаттарының түзілуін қамтамасыз ететін карбон кезеңінде басым?
- А) Алып жылқықұйрықтар мен папоротниктер
- В) Қылқан жапырақты ағаштар
- С) Жабықтұқымдылар
- Д) Балдырлар
- Е) Алғашқы тұқымдары бар өсімдіктер
41. Ашықтұқымдыларда гаметофиттер мен спорофиттердің санының қайсысы дұрыс?
- А) 1 гаметофит, 1 спорофит
- В) 1 гаметофит, 2 спорофит
- С) 2 гаметофит, 1 спорофит
- Д) 2 гаметофит, 2 спорофит
- Е) 1 гаметофит, 3 спорофит
42. Түбір түктері түбірдің қай аймағында орналасқан?
- А) Бөліну аймағы
- В) Өсу аймағы
- С) Сору аймағы
- Д) Тамыр қақпағы
- Е) Өткізгіш аймағы
43. Фикобилипротейдтер төмендегі топтардың қайсысында кездеседі?
- А) Эвгленалар
- В) Диатомдар
- С) Көк-жасыл балдырлар
- Д) Динофагеллаттар
- Е) Қоңыр балдырлар
44. X: бір гүлдің бір аналық безінен түзілген.
Y: бір гүлдің көп аналық безінен түзілген.
Z: гүлшоғырының көп аналық безінен түзілген.
- Сәйкесінше, төмендегілердің қайсысы дұрыс X, Y және Z?
- А) Шие Ананас Инжір

- В) Шие Қожақат таңқұрай Ананасы
 С) Шие Інжір Қожақат таңқұрай
 D) Шие Қожақат таңқұрай Құлпынай
 E) Шабдалы Ананас Қожақат таңқұрай
45. X: жасуша қабырғасы
 Y: жасуша мембранасы
 Z: плазмодезма
- Су тамырдың эндодермасынан орталық цилиндрге қай жолмен түседі?
- A) X тек B) тек Y C) X және Y
 D) Y және Z E) X, Y және Z
46. Төмендегі экологиялық жағдайлардың қайсысында тамыр қысымы ең жоғары?
- A) Өте ылғалды жерде өсетін жақсы суарылатын өсімдіктерде
 B) Өте ылғалды жағдайда орташа суарылатын өсімдіктерде
 C) Құрғақ жағдайда жақсы суарылатын өсімдіктерде
 D) Құрғақ жағдайда қалыпты суарылатын өсімдіктерде
 E) Орташа ылғалдылық жағдайында суды аз қабылдайтын өсімдіктерде
47. Фотосинтез кезінде бекітілген әрбір CO₂ молекуласы үшін X өсімдігі 500 мл су жоғалтады, Y өсімдік - 25 мл, Z - 50 мл. Төмендегілердің қайсысы X, Y және Z туралы айтуға болады?
- | | | | |
|----|----------------|----------------|----------------|
| | X | Y | Z |
| A) | C ₄ | C ₃ | CAM |
| B) | C ₃ | CAM | C ₄ |
| C) | CAM | C ₃ | C ₄ |
| D) | C ₄ | CAM | C ₃ |
| E) | C ₃ | C ₄ | CAM |

48. X: глицерин

Y: K⁺

Z : Cl⁻

X, Y және Z үшін биологиялық мембраналардың дұрыс салыстырмалы өткізгіштігін табыңыз?

- A) X>Y>Z B) Y>X>Z C) Z>X>Y
 D) Y>Z>X E) Z>Y>X

49. Хлорофилл әдетте төмендегі түстердің қайсысын шағылады?

- A) Көк B) Күлгін
 C) Қызыл D) Қызғылт сары
 E) Жасыл

50. Фотосинтез прокариоттарда қай жерде кездеседі?

- A) Жасуша мембранасында
 B) Тонопластта
 C) Цитоплазмада
 D) Митохондрияларда
 E) Рибосомаларда

51. Төмендегілердің қайсысы негізінен бактерияларда, хлоропласттарда және митохондрияларда энергияның айналуын қамтамасыз етеді?

- A) Хемиосмос
 B) Электрондық тасымалдау
 C) Фосфордың АДФ-ке ауысуы
 D) Липидтердің синтезі
 E) CO₂ және O₂ фиксациясы

52. Тыныс алу кезінде судың екі молекуласының түзілуіне қанша молекула NADH және O₂ жұмсалады?

- A) Бір NADH, екі O₂ молекуласы
 B) Екі NADH, екі O₂ молекуласы
 C) Екі NADH, бір O₂ молекуласы
 D) Бір NADH, бір O₂ молекуласы
 E) Үш NADH, бір O₂ молекуласы

53. Төмендегілердің қайсысы фотосинтездің жарық фазасында пайда болады?

- A) Rubisco B) NADH C) FADH₂

D) Глюкоза E) АТФ

54. Төмендегілердің қайсысы тотығу фосфорлануы кезінде АТФ синтезін басқаратын тікелей энергия көзі болып табылады?

A) Глюкозаның және басқа органикалық қосылыстардың тотығуы

B) Электрондарды электронды тасымалдау тізбегі бойымен тасымалдау

C) Оттегінің электрондарға тартылуы

D) Ішкі митохондриялық мембрананың карама-қарсы жағындағы H^+ концентрациясының айырмашылығы

E) Кребс цикліндегі негізгі заттардан фосфаттың АДФ-ке ауысуы

55. Төмендегі қоректік заттардың қайсысы электронды тасымалдауға қатыспайды?

A) Fe B) Cu C) Zn D) Cl E) Mo

56. Осы жарық түсінің қайсысы тұқымның өнуін барынша арттырады?

A) жасыл

B) көк

C) күлгін

D) қызғылт сары

E) қызыл

57. Төмендегілердің қайсысы өсімдіктердің транспирациясының қарқындылығын анықтайды?

A) Өсімдік транспирация арқылы алатын су мөлшерінің фотосинтез арқылы ассимиляцияланған көмірқышқыл газының мөлшеріне қатынасы.

B) Транспирация арқылы өсімдіктен шығатын су мөлшерінің фотосинтез кезінде бөлінетін O_2 мөлшеріне қатынасы.

C) Транспирация арқылы өсімдіктен шығатын су мөлшерінің тыныс алу арқылы шығарылатын CO_2 мөлшеріне қатынасы.

D) Транспирация арқылы өсімдіктен шығатын су мөлшерінің ингаляциялық O_2 мөлшеріне қатынасы.

E) Транспирация арқылы өсімдіктен шығатын су мөлшерінің жапырақтағы стоматалар санына қатынасы.

58. Төмендегі цитохромдардың қайсысы митохондриялардың электронды тасымалдау тізбегіндегі электрондарды соңғы болып қабылдайды?

A) Cytf B) Cytc C) Cyta

D) Cyta3 E) Cytb

59. Төмендегі гормондардың қайсысы оның қызметіне сәйкес келмейді?

A) Ауксин – жасушаның ұзаруын қамтамасыз ете отырып, сабақтың ұзаруын арттырады

B) Цитокининдер – жасушаның программаланған өлуін бастайды

C) Гиббереллиндер – тұқымның өнуіне ықпал етеді

D) Абсциз қышқылы – тұқымның тыныштық кезеңін арттырады

E) Этилен – жасушаның ұзаруын тежейді

60.

X: C_4 және CAM өсімдіктеріндегі фосфоэнолпируваттың регенерациясына қатысады және калийдің кейбір функцияларын орындайды.

Y: O_2 бөлінетін фотосинтез реакциялары үшін қажет .

Z: Нитрогеназа және нитратредуктаза компоненті.

X, Y, Z қай жерде дұрыс көрсетілген?

	X	Y	Z
A)	Na	Mg	Cl
B)	K	P	Cl
C)	Na	Cl	Mo
D)	Cl	P	K
E)	K	Mg	Ca

61. Төмендегі жасушалардың қайсысы жиырылғыш болып табылады?

A) Фибробласттар

B) Жүйке жасушалары

C) Бұлшық ет жасушалары

- D) Бүйрек түтікшелерінің жасушалары
- E) Қалқанша безінің фолликул жасушалары

62. Микроскопиялық зерттеуде бірнеше ядрошықтары бар жасушалар анықталды. Бұл жасушалар туралы төмендегілердің қайсысы дұрыс?

I. Митозға дайындалатын интерфазалық жасушалар

II. Метаболикалық белсенділігі жоғары жасушалар

III. Бұл ДНҚ репликацияланатынының белгісі.

IV. Белоктың шамадан тыс синтезін көрсететін жағдай

V. Жасушаның бөлінуден жаңа ғана шыққанын көрсететін шарт.

- A) I және II B) III және IV C) II және IV
- D) II және III E) IV және V

63. Төмендегі заттардың қайсысы нуклеосоманың құрылымына кірмейді?

- A) Гистон B) Октамерлі белок
- C) Линкерлік ДНҚ D) Лигаза
- E) ДНҚ қос спиралі

64. Ядрошық ұйымдастырушы (организатор) дегеніміз не?

- A) Ядродағы рРНҚ синтездейтін ген аймағы
- B) Ядродағы рибосомалық белоктарды синтездейтін ген аймағы.
- C) Ядродағы мРНҚ синтездейтін ген аймағы
- D) Ядрошықтағы рРНҚ синтездейтін ген аймағы.
- E) Ядрошықтағы рибосома ақуызын синтездейтін геннің бөлімі.

65. Хромонема дегеніміз не?

- A) рРНҚ синтездейтін хромосомалық аймақ
- B) Бұл хромосоманың центромера бекітілген ерекше бөлімі.
- C) Хромосоманы құрайтын қысқартылған және жуандаған хроматин жіптері

D) Екіншілік түйін орналасқан хромосома аймағы.

E) Нуклеосомалар шоғырланған жер.

66. Төмендегілердің қайсысы «хромосомалық мутацияға» жатпайды?

- A) Дупликация B) Инверсия
- C) Делеция D) Полиплоидия
- E) Транслокация

67. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы ядрошық үшін дұрыс емес?

- A) Жұқа қабықшамен қоршалған құрылым.
- B) Оның электронды микроскопиялық түрі губка тәрізді.
- C) Жасушада біреуден көп болуы мүмкін
- D) Ядролық қабықшаға жақын
- E) Түйіршіктер түріндегі бөліктері бар

68. Фруктозодифосфатлиаза фруктоза-1,6-дифосфаттың алты көміртекті молекуласының екі үш көміртекті қосылыстарға бөлінуін катализдейді. Ол:

- A) киназа
- B) трансфераза
- C) фосфатаза
- D) лиаза
- E) оксидоредуктаза

69. Мына сөйлемдердің қайсысы дұрыс емес?

- A) Белоктарды сақтауға болады
- B) Рибосома дайын функционалды белоктарын синтездейді
- C) Барлық белоктарда пептидтік байланыс болады
- D) Белоктың төрттік құрылымы металдарды қамтуы мүмкін
- E) Белоктарда ковалентті емес байланыстары болуы мүмкін

70. Қай құрылыс-функция жұбы дұрыс?

- A) агранулярлы эндоплазмалық ретикулум – ақуыз синтезі

В) түйіршікті эндоплазмалық ретикулум – липидтердің синтезі

С) түйіршікті эндоплазмалық ретикулум – протеоглиқандардың синтезі

Д) бос рибосомалар – цитоскелеттік белоктардың синтезі

Е) бос рибосомалар – гормон синтезі

71. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы жасуша теориясына жатпайды?

А) тірі организмдер жасушалардан тұрады

В) барлық жасушалар қоректену үшін басқа жасушаларға тәуелді

С) барлық жасушалар бастамашы жасушалардан пайда болған.

Д) химиялық реакциялар тірі организмдердің жасушаларының ішінде жүреді

Е) жасушаларда организмнің генетикалық ақпараты болады

72. Гольджи аппаратына қатысты төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес?

А) Гольджи транс бөлігі жасуша ядросына жақынырақ

В) Гликозилдену Гольджи аппаратында жүреді

С) Бұзылу жұмыс істемейтін белоктардың жинақталуына әкелуі мүмкін

Д) Гольджи аппараты синтез органеллаларының бірі

Е) Бұл арнайы бояулармен бояғанда жарық микроскопында көрінетін органелла.

73. Центриольдер туралы төмендегілердің қайсысы дұрыс?

А) Микротүтікшелердің орналасуы таяқша (жгутик) мен кірпікшелердің (реснички) орналасуымен бірдей

В) Митозға қажетті органеллалар

С) Бөліне алады

Д) Төмен ұйымдасқан өсімдіктерде центриоль болмайды.

Е) Барлық жануарлар жасушаларында центриольдер болады

74. Цитоскелеттік компоненттердің төмендегі әрекеттерінің қайсысыу амеба қозғалысы қажет етеді?

А) плазмалық мембранада шығыңқылар түзу үшін актиндік жіптердің жиналуы

В) көпіршіктер қозғалу бағытында жүре алатын микротүтікшелердің жинақталуы

С) псевдоподты аралық жіптермен күшейту

Д) миозин мен микротүтікшелерден туындаған жергілікті жиырылуы

Е) актин және миозин жіпшелерінің жиырылуы

75. Төмендегілердің қайсысы популяциядағы гендердің жиілігінің өзгеруіне әкелмейді?

А) Генетикалық дрейф

В) “Бөтелкенің аузы” эффектінің әсері

С) Құрушы әсері

Д) Өздігінен ұрықтандыру

Е) Селекция

76. Бір елде А қан тобы 32 %, В қан тобы 15 %, АВ қан тобы 4 % және О қан тобы 49 % тұратыны белгілі. Осы елде тұрмысқа шыққан АВ қан тобы бар еркектің қан тобы А ұл туу ықтималдығы?

А) 18% В) 22% С) 32% Д) 36% Е) 49%

77. Төмендегілердің қайсысы жасушалық циклге қатысты дұрыс емес?

А) жасушалық цикл митоздан және интерфазадан тұрады

В) жасуша ДНҚ S фазасында синтезделеді

С) S-фазасын аяқтаған жасуша уақыт өте келе митозға ұшырайды

Д) циклин белоктары тек интерфазада болады

Е) циклин D молекулалары G1 фазасының соңында жойылып, Cdk4 молекулаларын (циклинге тәуелді киназа 4) белсенді емес етеді.

78. Төмендегілердің қайсысы митозға түсетін жануар жасушасының аналық жасушаларына бірдей таралады?

- A) хромосомалар мен митохондриялар
B) хромосомалар мен центриолдар
C) хромосомалар мен рибосомалар
D) ядролар мен митохондриялар
E) ядролар мен рибосомалар
79. Моллюскаларда құрсақаяқтылар класына жататын түрлер саны басқаларға қарағанда көп. Төмендегілердің қайсысы осы түрлердің көбеюіне ықпал ете алады?
- A) Спираль тәрізді бүктелген күшті қабықтың болуы
B) Бас аймағы қорғалған.
C) Оларда өте жақсы дамыған радула бар
D) Әртүрлі мекендеу орындарында таралған
E) Трохофора дернәсілдік кезеңінің пайда болуы
80. Жануардың суда өмір сүретінін түсіну үшін төмендегі критерийлердің қайсысы маңызды?
- A) Жұмыртқа арқылы көбею
B) Жұмыртқа түрі
C) Көбею кезінде копуляция бар ма
D) Қан айналым жүйесінің типі
E) Осморегуляциялық қасиеттерді көрсетеді
81. Экологиялық қатар дегеніміз не?
- A) Түрлердің уақыт бойынша өзгеруі
B) Қоршаған ортадағы қоректік заттардың уақыт өте келе көбеюі
C) Ормандағы ағаштар қартайған сайын өседі
D) Экожүйеде бір түр көбейеді
E) Кез келген экологиялық фактордың күшеюіне немесе әлсіреуіне байланысты өсімдіктердің немесе олардың бірлестіктерінің ретімен орналасуы
82. Тамақтану жүйесінің эволюциясының соңғы дамуы қандай болды?
- A) Жасуша ішілік ас қорытудың дамуы
B) Мүше тәрізді ас қорыту бездерінің түзілуі

- C) Ауыз қуысының дамуы
D) Анустың дамуы
E) Перистальтикалық қозғалыстарды орындау қабілетін дамыту
83. Төмендегілердің қайсысы экожүйедегі қоректік пирамиданың жоғарғы деңгейіне жететін энергия мөлшерін анықтайды?
- A) Таза бастапқы өндіріс
B) Жалпы бастапқы өнім және таза бастапқы өнім
C) Жалпы бастапқы өнім
D) Жалпы біріншілік өндіріс және тағамдық энергияның биомассаға айналу тиімділігі.
E) Таза бастапқы өндіріс пен энергияны тағамнан биомассаға айналдыру тиімділігі
84. Фосфор айналымының көміртегі мен азот айналымынан айырмашылығы неде?
- A) фосфор айналымында газ фазасы болмайды
B) фосфор айналымында сұйық фаза болмайды
C) айналымға ену үшін теңіз ағзаларына тек фосфор қажет
D) тірі организмдерге фосфор қажет емес
E) фосфор айналымында парниктік эффект пайда болады
85. Қандай айналымдардың бұзылуы қышқыл жаңбырға әкеледі?
- A) Көміртек және азот айналымы
B) Көміртек пен күкірт айналымы
C) Көміртек пен фосфор айналымы
D) Күкірт пен азот айналымы
E) Фосфор және азот айналымдары
86. Төмендегілердің қайсысы прокариоттар мен эукариоттар арасындағы қарым-қатынастарды анықтау үшін филогенетикалық зерттеулерде рРНҚ-ны қолдануға негіз болып табылмайды?
- A) рРНҚ эволюциялық ескі молекула

- В) әрбір тірі организмде рРНҚ болады
- С) рРНҚ барлық тірі организмдерде бірдей трансляциялау қызметін атқарады
- Д) эволюция кезінде рРНҚ-ның баяу өзгеруі
- Е) прокариоттық рРНҚ эукариоттық жасушаларда да кездеседі

87. Төмендегілердің қайсысы қосмекенділердің су ортасынан толықтай кете алмауының себебі?

- А) Қаңқа жүйелері жердегі тіршілікке толық бейімделмеген.
- В) Тыныс алу жүйесі жердегі тіршілікке бейімделмеген
- С) Жұмыртқаларда эмбрионды қоршап тұрған қабықшалар мен қабықшалардың болмауы
- Д) Жүрек құрылысы
- Е) Асқазанның құрылысы

88. Төмендегілердің қайсысы әдетте популяцияның генетикалық өзгеруіне көбірек ықпал етеді?

- А) Мутациялар
- В) Популяцияға көші-қон
- С) Генетикалық дрейф
- Д) Сәтсіз жұптасулар
- Е) Генетикалық рекомбинациялар

89. Төмендегі жағдайлардың қайсысында популяцияның генофондындағы аллельдердің жиілігіне генетикалық дрейф көбірек әсер етеді?

- А) Популяция саны аз болса
- В) Популяция саны көп болса
- С) Егер мутация болмаса
- Д) Егер жұптасу кездейсоқ болса
- Е) Популяция жыныстық жолмен көбейсе

90. Гетерозиготалы адамдар безгекке (малярия) төзімді. Рецессивті ген бұл адамдарға артықшылық беретіндіктен, ол болашақ ұрпақта сақталады. Бұл мысал нені көрсетеді?

- А) Генетикалық дрейф
- В) Гетерозис
- С) Миграция арқылы гендер ағыны
- Д) Консервативті полиморфизм
- Е) Адаптивті тармақталу

91. Төмендегілердің қайсысы жәндіктердің шығару жүйесі үшін дұрыс?

- А) буынаяқтылардың басқа кластарымен бірдей
- В) эктодермадан пайда болады
- С) ұштары дене қуысына енетін тұйық түтіктер.
- Д) түтіктердің саны әрқашан тұрақты
- Е) түтіктер негізінен тікелей дененің бетіне ашылады

92. Төмендегілердің қайсысы адам үшін «алмастырылмайтын» зат емес?

- А) линеол қышқылы
- В) глюкоза
- С) метионин
- Д) натрий
- Е) аскорбин қышқылы

93. Төмендегілердің қайсысы құрлыққа алғаш қоныс аударған тірі ағзалардағы түбегейлі өзгерістерге жатпайды?

- А) Жүйке жүйесінің дифференциациясы
- В) Терінің құрылымының өзгеруі
- С) Ішкі ұрықтандырудың пайда болуы
- Д) Шығару өнімдерін дифференциациясы
- Е) Сүйек жүйесінің дифференциациясы

94. Төмендегі құбылыстардың қайсысы жәндіктерде метаморфоздың пайда болуына әкелді?

- А) Өсімдіктердің тозаңдану арқылы ұрықтануы
- В) Ұшу қабілетін дамыту
- С) Гүлдердің пайда болуы

D) Ауыр жыл мезгілдерінің қалыптасуы

E) Аралдың кеңеюі

95. Төмендегілердің қайсысы дүние жүзіндегі құрлықтағы көпірлердің пайда болуына ең үлкен фактор болып табылады?

A) Мұз дәуіріндегі теңіз деңгейінің төмендеуі

B) Материктердің көтерілуі

C) Жанартаулық қозғалыстар

D) Эрозия

E) Материктердің жақындасуы

96. Бейорганикалық молекулы?

A) фруктоза

B) фосфолипид

C) су

D) аденин

E) валин

97. Төмендегі сигнал беру ақуыздарының қайсысы әдетте сигналдық молекуламен байланысқаннан кейін димерлерді түзу арқылы қызмет етеді?

A) G-белокпен байланысқан рецепторлар

B) Тирозинкиназа рецепторлары

C) Лигандпен жабылған иондық арналар

D) Стероидты рецепторлар

E) Барлық рецепторлар

98. Қуық асты безі төменде көрсетілген заттардың қайсысын өндіруде үлкен рөл атқарады?

A) тұқымдық сұйықтық

B) сперматозоидтар

C) тестостерон

D) ерлер гормондары

E) фертилизин

99. Көздің бейімделу механизмдерінің қайсысы сүтқоректілерде жүреді?

A) линзаның кері қозғалысы

B) линзаның қисаюының өзгеруі

C) қасаң қабықтың (роговица) қисаюының өзгеруі

D) көз торының кері қозғалысы

E) нұрлы қабықтың ойыстығының өзгеруі

100. Хордалылардың кейбір белгілері:

I. Түтікшелі жүйке бағаны.

II. Қарапайым хорда.

III. Алдыңғы ми.

IV. Жұтқыншақта желбезек саңылаулары бар.

V. Асқорыту жүйесі мен целомдық қуыстар өте жақсы дамыған.

Барлық хордалардың ең болмағанда ерте эмбрионалдық кезеңдерінде осы белгілердің қайсысы міндетті түрде болады?

A) I, II және IV

B) II, III және V

C) I, III және V

D) II, IV және V

E) I, III және IV

Областной этап республиканской олимпиады по биологии

1 тур

Общее количество баллов: 100

Время: 2 часа

1. Из-за чего из следующего аминокислоты являются амфотерными?
 - A) Потому что они полярные или неполярные молекулы
 - B) Потому что они действуют как кислоты или основания
 - C) Потому что они нейтральны или ионизированы
 - D) Из-за их способности поглощать или не поглощать свет
 - E) За счет того, что они поворачивают плоскость поляризованного света вправо или влево
2. Какая из следующих биологически важных связей в водном растворе требует наибольшей энергии для разрыва?
 - A) Ван-дер-ваальсово взаимодействие
 - B) Гидрофобное взаимодействие
 - C) Водородная связь
 - D) Ковалентная связь
 - E) Ионная связь
3. Что из следующего верно о всех функциональных белках?
 - A) Состоят из одной полипептидной цепи
 - B) Состоят только из аминокислот
 - C) Оказывают биологическое действие, связываясь с другими молекулами.
 - D) Содержат спиральные участки и участки неизвестной геометрии
 - E) Имеют четвертичную структуру
4. Что из перечисленного можно сказать о сахарах?
 - A) Они образуют гликозидные связи только с другими сахарами.
 - B) Они гидрофобны
 - C) Они в основном круглые.
 - D) Играют структурную роль у прокариот, не встречаются у растений
 - E) Не могут связываться с белками
5. Какое из следующих утверждений об энтропии неверно?
 - A) Энтропия – это неиспользуемая энергия
 - B) Увеличение энтропии идет параллельно с беспорядком
 - C) Энтропия льда меньше, чем у воды.
 - D) Для поддержания низкой энтропии требуется энергия.
 - E) По мере продолжения природного процесса энтропия уменьшается, а свободная энергия увеличивается.
6. Что из следующего является ролью фермента в катализируемой реакции?
 - A) Обеспечение стойкости продукта по отношению к субстрату
 - B) Понижение свободной энергии реакции
 - C) Ускорение превращения субстрата в продукт
 - D) Обеспечение превращения всего субстрата в продукт
 - E) Связывается с коферментом
